

Аликбаева М.Б.
*философия ғылымдарының кандидаты,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті*
Тунгатова У.А.
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

АТА ЗАҢ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕШІЛІ

Мақала ҚР БЖҒМ ҒК ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламалары – 1156 ГФ «Бар қазақ – бір қазақ: діни-мәдени аспектілері» аясында жазылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық өзге құқықтық актілерге қатысты жоғары заңдық күшке ие: елімізде қабылданып жатқан бірде-бір құқықтық акт (конституциялық заң, ҚР Президентінің Жарғысы, ҚР Үкіментінің Қаулысы, аймақтық құқықтықшығармашылық актісі, сот шешімі және т.б.) Негізгі Заңға қайшы келе алмайды, қарама-қайшы келетін жағдайда (заңдық коллизиялар тұрғысынан) Конституция нормалары басымдылыққа ие. ҚР Конституциясының мәртебесі туралы конституциялық мәтіннің дәл өзінде айтылған (2 б. 4 бабы.). ҚР Конституциясының заңнамалық үстемдігін қамтамасыз ету – барлық дерлік мемлекеттік ұйымдардың және лауазымдық тұлғалардың міндеті, алайда Конституцияны қорғау механизмінде жетекші орын конституциялық бақылаудың арнайы ұйымы ҚР Конституциялық Кеңесіне тиесілі.

ҚР Конституциясы – мемлекеттің құқықтық жүйесінің діңгегі, ағымдағы (салалық) заңнаманың дамуының негізі. ҚР Конституциясы әртүрлі халықтық биліктің ұйымдарының нормалық шығармашылықтық компетенциясын нығайта түсуден өзге, осындай нормалық шығармашылықтың басты мақсаттарын айқындайды, қоғамдық қатынастардың, конституциялық заңдармен реттелген болуы тиіс, заңдармен, ҚР Президентінің жарғыларымен, ҚР мемлекеттік билігінің нормативті құқықтық актілерімен, ол сонымен қатар құқықтың өзге салаларын дамыту үшін көптеген негізгі ережелерге ие. Осылайша ҚР азаматтық заңнамасы жеке меншіктің түрлерінің сан алуандығын және теңдігін, экономикалық кеңістіктің бірлігін, экономикалық іс-әрекеттің және кәсіпкерліктің еркіндігін, саналы бәсекелестікті (26,88,89 баптар және т.б.) қолдай отырып қаланған. Еңбек заңнамасы еңбек еркіндігі, демалысқа деген құқы, жылсайынғы төленетін еңбек демалысы, еңбек дауларын шешу туралы конституциялық ережелерге сай құрылған (24 бап). Отбасы туралы заңнама ҚР Конституциясының отбасын, ана мен бала құқықтарын мемлекеттік тұрғыдан қорғау, ата-аналарымен балаларының негізгі міндеттерімен құқықтары туралы 27 бабын ескермесе болмайды. Осылайша ҚР Конституциясы тек қана конституциялық құқықтың емес сонымен қатар қазақстандық құқық жүйесінің өзге де салаларының негізгі дереккөзі. Сонымен қатар конституциялық нормалар ұйымдастырушылық сипатқа ие,

елдің Негізгі Заңнамасы үшін алдыңғы орынға ие позитивті құқық үшін ешқандай өзге ұйғарымдар жоқ (кейбір кезде жарғылар Конституцияның өзіндік қасиеті ретінде көрініс табуы мүмкін).

Мемлекеттің Негізгі Заңы ретінде ҚР Конституциясы құқықтық жүйенің діңгегі ретінде елдегі билік басындағы бір бірін алмастырып тұрушы сантүрлі саяси күштерге жағу мақсатында жиі ауысып тұрудан алшақ болушы тиіс. Өзгерту енгізу жағынан алып қарайтын болсақ ҚР Конституциясы (кейбір Грузия, Үндістан және т.б. мемлекеттердің «жұмсақ» әрі «иілгіш» конституцияларына қарағанда) өте «қатаң» болып келеді. ҚР Конституциясының қатаңдығы процессуалды аспектіде көрініс табады. Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтырулар мен өзгертулер тек қана Республика Президентінің өз шешімімен қабылданатын республикалық референдуммен немесе Парламент пен Үкіметтің ұсынысымен енгізіле алады. Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобасы егерде Президент оны Парламенттің қарастыруына жіберу керек деген шешім қабылдаса республикалық референдумда қарастырылуға берілмейді. Мұндай жағдайда Парламент шешімі Конституцияда қарастырылған тәртіп бойынша қабылданады. Егерде Республика Президенті Парламенттің Конституцияға деген өзгертулер мен толықтыруларын республикалық референдумда қарастыруға қарсылық білдірсе, онда Парламент Палаталарының көпшілік дауысымен кемінде төрттен бесінің шешімімен осы өзгертулер мен толықтырулар Конституцияға енсін деген заң қабылдай алады. Бұл жағдайда Республика Президенті осы осы заңға қол қоюы тиіс болмаса оны республикалық референдумда қарастырылуына ұсыну керек, ол референдумға республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың жартысынан көбі қатысып дауыс берсе ол референдум орындалды деп саналады. ҚР Негізгі заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу процедуралы туралы ҚР Конституциясының IX «Қорытынды және ауыспалы ережелер» деген Бөліміндегі үш бапта қарастырылған: 53 бап, 62 баптың 3 және 6 бөлімі, 91 баптың 1 бөлімі.

Осылайша Қазақстан Конституция жоғары заңдық күшке және тұрақтылыққа ие, тұлғаның, азаматтық қоғам институттарының, мемлекеттік ұйымдардың және халықтық билік қызметтерінің құқықтық статус саласындағы негізгі және қоғамдық қарым-қатынастарды бекітіп реттеуші, тәуелсіз және егеменді Қазақстан мемлекетінің жаңа конституциялық даму кезеңіне бастау болған акт.